ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Baspasózge jazylý – 2021
40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.
6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425

АҚМЕШІТ жастары

6+
Газет 2013 жылы қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 26 (407)
1 шілде, 2021 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Аптап ыстық пен жауын-шашын мөлшерінің аз болуы Арал ауданын қуаңшылықта қалдырды. Өңірде төтенше жағдай жарияланады деген ақпараттың тарағанына да біраз болды. Бүгін аудандағы ахуалды сала мамандарымен бірге толығырақ тарқатуға тырыстық.

ӘЛІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНҒАН ЖОҚ

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Жыл басынан бері мұнда 500-ден аса мал қырылса, қазір тақырға айналған жайылымдарда 250 мыңға жуық төрт-түлік көкке жарымай жүр. Мамандардың айтуынша, малды сақтап қалу үшін 9 мың тоннадан аса жем-шөп қажет. Құрғақшылықтан кеуіп кеткен жердің құнарлылығы небәрі 2 пайыз, топырақта шөп шығатын нәр жоқ. Бұл ғылыми негізде анықталып отыр.

Аудан аймағы шөптің биылғы шығымдылығына қарай шартты түрде үш санатқа (қызыл, жасыл, сары) бөлінген. Жайылымдық жерлері 90 процент құрғап кеткен қызыл аймаққа 13 елді мекен енген. Ал сары аймақтағы елді мекендерде 30-40 процент шөп бар. Жасыл түспен белгіленген елді мекендерде шөптің шығымдылығы қалыпты.

– Қазір аудандағы қызыл аймаққа енген 13 ауылдық округте ахуал тұрақты. Аталған ауылдық округ тұрғындары жем-шөпті қазіргі кездегі қажеттілігіне сәйкес сатып алуда. Төтенше жағдай жарияланған уақытта шөп тасымалына кететін жанар-жағар майға көмек жасау заңдылыққа сәйкес қарастырылады деп отырмыз.

Қызыл аймаққа енген 13 ауылдық округте 16 699 бас мүйізді ірі қара, 29142 бас қой мен ешкі, 17587 бас жылқы, 14533 бас түйе бар. Осы малға 4955 тонна шөп қажет болса, бүгінге дейін 985,6 тонна шөп және 15 тонна жем жеткізілді, енді 136 тонна шөп алуға тапсырыс берілді.

Ауданға шөпті Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарының және Ақтөбе облысының Ырғыз аудандарының кәсіпкерлері алып келуде. Өзірге жоңышқа және қыр шөбі келіп тұр. Шілде айының бірінші онкүндігінен кейін пішен, яғни шөп науқаны басталады. Қазіргі кезде жағдай тұрақты, – дейді Арал ауданы әкімінің орынбасары Еркін Әбішев.

Төтенше жағдай жарияланған уақытта Ақшатау мен Қамбаш көлдер жүйесіне су толтыру мақсатында Бұрмақұлақ арнасын бөгеу жоспарланған. Сондай-ақ 15 елді мекеннің аумағына 15 су ұңғымасын қазу қарастырылған. Осы орайда «Бұрмақұлақпен қоса Ақпақ су тоспасын жабу арқылы құяр сағадағы көлдерді толтыруға бола ма? Бұрмақұлақ бөгетін жапса, төмендегі ауылдар Бөген, Қарашалаң, Жаңақұрылыс, Қаратерең ауылдарына барар су жайы қалай болады?» деген сауалымызды да жауапты мамандарға жолдадық:

– Негізінен Ақпақ су тоспасы Балтық деңгейі бойынша 53,50 метрге дейін су деңгейін ұстайды, қыста 400 текше метр су, ал жаз айларында секундына 515 текше метр су өткізе алады. Ақпақ су тоспасының (гидроузел) атқаратын қызметі – тоспаны 53,50 метр биіктікте ұстап тұру. Осы деңгей арқылы Сырдария өзенінен келіп жатқан суды Ақпақ су тоспасына дейін орналасқан 11 көлге, шабындықтарға каналдар арқылы жіберіп, балықтың өсуіне және мал азығы үшін шөп дайындауға пайдаланылады.

Ал екінші мәселе бойынша облыстық «Қазсушар» РМК және облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мекемелерінің су саласы мамандарымен арнайы зерттеу жұмыстары жасалып жатыр. Сондықтан Бұрмақұлақ бөгетін бөгеу жұмыстары зерттеу қорытындысына сәйкес жүзеге асырылады, – дейді Е.Жұмаханұлы.

Ресми дерекке сүйенсек, қазір ауданда жем-шөп сатылымда бар. Тарқатып айтсақ, 1 пресс жоңышқа 1000-1200 теңге аралығында, 1 пресс қыр шөбі 650-700 теңге, жем (бидай кебегі) 1550-1700 теңге аралығында нарыққа шығарылған.

Жалпы осыған дейін өңірде қуаңшылық жағдайының орын алуына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның екі мәрте отырысы өткен. Комиссия отырысының қорытындысымен аудан аумағында төтенше жағдайды жариялауға толық негіз бар екені анықталған. Соған сәйкес аудан аумағында жергілікті ауқымда табиғи сипатта төтенше жағдай жариялау туралы шешім жобасы "Құқықтық актілер туралы" ҚР Заңының 20-бабына сәйкес нормативтік-құқықтық актінің тиісті жобасын жария талқылау үшін ашық нормативтік-құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылды ("Ашық" НҚА интернет-порталында 10 жұмыс күн талқылауда тұрады. Әділет министрлігінде кеңісу 3 жұмыс күнді және тіркеу 1 жұмыс күнін құрайды). Қазір нәтижесі күтілуде. Жалпы төтенше жағдай мерзімі аудандағы төтенше жағдай салдары толық жойылғанша күшінде болады.

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

ЖАҢА ҚАЛАНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Тәуелсіздіктің айшығына айналған игілік мекені – Нұр-Сұлтан жыл санап, ерке Есілдің жағасында жайқалып, келешегі кемел, өрісі ырысты, болашағы жарқын қалалардың қатарында өсіп келеді. Елдегі өзгерістер Елордадан басталды. Сондықтан бұл шаһар үздіксіз даму мен жаңашылдықты жақсы көреді. Мерейлі мереке қарсаңында шаһардың соңғы өзгерістеріне тоқталсақ.

Ерасыл ШӘРІБЕК

АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ АЙШЫҚТАРЫ

Нұр-Сұлтанда цифрлық технологиялар бойынша ең үздік әлемдік тәжірибелер жүзеге асырылуда. Айталық, соның бірі әрі бірегейі – «Ақылды қала» жобасы. Оның негізгі 6 бағыты бар: экономика, басқару, өмір, ұтқырлық, адамдар, қоршаған орта. Бұл шетелдік кеңесшілермен бірлесіп жүргізілуде. Соның арқасында еліміздің бас қаласы әлемдегі ақылды қалалар рейтингінде 21-інші орынға ие. Бүгінде жоба аясында бірқатар технологиялық шешімдер енгізілген. Атап айтсақ:

– жаяу жүргіншінің жақындағанын білетін және лазерлік сәуле шашқыш, жарықтандырғыш арқылы жүргізушілерге хабар беретін «ақылды» жаяу жүргіншілер өткелі;

– жерасты қоқыс жәшіктеріндегі қоқыс көлемін анықтайтын және коммуналдық қызметтерді шақыру керегін хабарлаушы қоқыс толтыру датчиктері бар «ақылды» қоқыс жәшіктері;

– бейнебақылау жүйесі және мобильді қосымша арқылы есікті ашу, төтенше жағдайлар үшін SOS батырмасы және төтенше жағдайлар мен басқа оқиғалар туралы әр пәтерге хабар беру функциясымен жабдықталған «ақылды» домофондар;

– ауаны шусыз дезинфекциялауды, бөлмені ионизациялауды қамтамасыз ететін және вирустардың белсенділігін жоятын, қашықтан басқарылатын, тәулік бойы бейнебақыланатын IP-камерасы бар павильондардың автономды дезинфекциялануы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесі;

– су мен газ есептегішінің көрсеткішін қашықтан көрсету қызметі бар су және газ есептегіштері.

Аталған жаңа жобалар мереке қарсаңында тұрғындар үшін тың жаңалық болмақ.

ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Ел астанасының өсіп өркендеуінде журналистердің үлесі зор. Жаңа қаланың жаңашылдығын төрткүл дүниеге таратып қаламгерлерге елорданың да құрметі бөлек. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен биыл елордада «Журналистер Аллеясын» ашу жоспарлануда. Тегін интернетке қосылу мүмкіндігін қарастыратын аллея тілшілер қауымының шығармашылығын шындайтын жер ғана емес, бас қаламыздың барша тұрғындары мен қонақтары үшін де ең сүйікті орынға айналады деп сенеміз. Аллеяда өмірден өткен жарқын тұлғалардың есімі жазылған арнайы ағаштар өсіріліп, еске алу тақталары орнатылады. Сондықтан аллеяны ашу мерзімі көшет отырғызуға ең қолайлы кезең күз маусымына ауыстырылды.

ОТ ШАШУ БӨЛМАЙДЫ

Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласының мерекесі пандемияның өршіп тұрған сәтімен тұспа-тус келгені бәрімізге белгілі. Ел қазадан қайғырып жатқан сәтте Елорда төріндегі от шашу қоғамда резонанс тудырды. Тіпті Ирина Қайратқызының 5К әнінің бейнебаянында от шашу көрінісі көрсетіліп, YouTube-тағы қаралымы артып, трендке айналған-ды. Осындай жағдайдан кейін биыл әкімдік мереке қарсаңында от шашу болмайтынын хабарлады.

– Өрине қала күні – тұрғындар үшін ерекше күн. Адамдардың тойлағысы келеді, оның үстіне, көптеген адамдар мерекені күтіп жүр. Бірақ эпидемиологиялық жағдайға байланысты жоспарды өзгерттік. Жыл басында жоспарларымыз болды, бірақ қазір санитарлық талаптарды ескере отырып, жабық ғимараттардағы барлық шаралар онлайн форматқа көшуде, көптеген іс-шара тоқтатылды. Ал көшедегі шаралар әлеуметтік қашықтық пен санитарлық талаптарды ескере отырып өткізіледі, – деді А. Көлгінов.

Шындығында, елорда – елдің жүрегі. Ендеше, ел жүрегі тоқтамасын! Туған күніңмен, Нұр-Сұлтан!

БҮГІН – ДОМБЫРА КҮНІ

"Қазақты домбырасыз елестету мүмкін емес" дейді кей кісілер. Әрине домбыра қазақпен егіз ұғым. Бүгінде әр шаңырақтың төрінен ілулі домбыра көрсек, жанымыздың әлі де бірге екенін аңдағандай боламыз. Әсіресе ауылдағы осындай көріністер жаныңды жадыратады.

ТӨРДЕ ІЛУЛІ КИЕЛІ ДОМБЫРА

Мөлдір САБЫРЖАН

3000-ға жуық тұрғыны бар Абай ауылының тең жартысының шаңырағының төрінде домбыра ілулі тұрады. Мұнда әу демейтін адам да кемде-кем. Той-думан, туған күн кештері, шілдеханада домбырасыз өтпейді. Ауылдық мәдениет үйінде де домбыра жүрген оқушылардың қарасы қалың.

Ауылдағы Өкімовтар әулеті домбыраны киелі деп бағалайды. Күнделікті таңды астан кейін домбырамен әсем әуен тыңдау – олардың әдеті. Осылайша отбасылық құндылықты балаларының бойына сіңіріп келеді. Ізбасар Өкімов асаба, жыршылық, термешілік өнерімен ауылға жақсы таныс. Оны тыңдауға ауыл тұрғындары асығып тұрады. Өнерін тамашалау үшін үйіне әдейілеп баратын ақсақалдар да бар. Домбыра тартқанда ерекше сезімге бөленетін Ізбасар келіншегіне самауырынға шоқ салдырып, өзі ардагерлердің сұрағысы бойынша домбырасын қолға алады. Сол сәтте екі ұлы да қасына жайғасады.

– Домбыраны жаныма серік етіп жүргеніме біршама уақыт болды. Домбыра тартқан өзіме қатты ұнайды. Керемет әсерде боламын. Балаларымның да қызығушылығын оятып, үйретуге деп қойып жүрмін. Үлдарым мектеп жасына барар кезде домбыра үйретемін деп ойлаймын. Олар да мен қолыма домбыра алсам, дереу қасыма келеді. Кейде ұстап көреді, жерде жатса анасына "кетеріп қойыңызшы" дейді. Өзге балалардың ойыншық қылып ұстап отыратыны да бар ғой. Ал біздің үйдің балалары осы бастан домбыраның киелі зат екенін түсінеді, – дейді Ізбасар.

Халқымыз домбыраға үкі тағып, төріне ілген. Күйшілерді тәрелдей күтіп, төбесіне көтерген. Осы игі үрдіс қазір де жалғасып келеді. Ауылға келін түссе немесе қыз ұзатылса, құда шақырғанда қолына домбырасын алған Ізбасарды көреміз.

«Бала кезден домбыраны қолыма алып өстім. Бірте-бірте дәстүрлі әндерді айтып үйрендім. Рас, қазір жастардың көбісі дәстүрлі өнерге бара бермейді. Бірі дәстүрлі өнерді түсінбесе, енді бірі қызығушылық танытпайды. Қазақ халқының рухани жәдігерлерінің ішінде мақтаныш етер бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер болса, оны ұлықтау – біздің мақсатымыз. Жастайымнан терме, жыр жаныма жақын болды. Нұртуған мен Тұрмағанбеттің термелерін тыңдап өстім, – дейді ол.

Президенттің домбыра күнін белгілеуін барша қазақстандық ықыласпен қабыл алды. Еліміздің күнды дүниесін баршаға паш ету, насихаттау мақсатында бұл күннің маңызы зор. Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі істің бірі болды.

«Термені түрлі аспаптармен әрлеп, қоғам талабына сай бейімдеп айту үшін үлкен жүрек пен дауыс мүмкіндігі болу керек. Ол шеберлікті қажет етеді. Қазіргі жастардың талғамы бөлек. Бір өкінштісі, жастардың көбі терме тыңдамайды. Шетелге еліктеген олар өзге тілдің әніне қызығушылық танытып, соны орындауға бейім. Сол себепті термені түрлендіруді қолдаймын, – дейді жыршы.

– «Қаздығын шілде болғанда...» деп Абай атамыз айтқандай, «көкорай шалғын, бейішешек, ұзарып, өсіп, толғанда» бүкіл қазақ даласы күмбір-күмбір күй төккей, көктегі күн нұр төккей, домбырасын қолға алғай, әулете ән салғай... «Дарыға, домбырамды берші маған, Жаныма көлші жарым, келші балам...» деп Мұқағалиша толғайық, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп Қадырша қайырайық! Ұлы ұлттың баласы, ұлықта домбыраны, әр шаңырақта ілулі тұрсын, қазақтың киелі аспабы. Ұлттық домбыра күні құтты болсын! – дейді кейіпкеріміз.

Қалалық білім бөлімінің Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында жасын ғұмыр иесі, қызмет бабында қаза тапқан журналист Сахитжан Бермағанбетов атындағы жас тілшілер үйірмесі ашылды.

ЖАС ТІЛШІЛЕР ҮЙІРМЕСІ – ЖУРНАЛИСТІҢ АТЫНДА

Журналистикаға қызығатын балалар да енді мыңнан аса жеткіншекті біріктірген оқушылар үйінде топтасады. Оларға үздік медиа мамандар баспасөз, телевидение бағытында білім беріп, қабілетін жетілдіреді.

Қаламгерлердің кәсіби мерекесі қарсаңындағы шарада қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов, облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова, «Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Жағыппар Қарабала, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Марат Аралбаев, Сахитжан Бермағанбетовтің ата-анасы, ұстазы, журналистика саласындағы аға буын өкілдері қатысты.

Жиында жас тілшілер кабинеті салтанатты түрде ашылып, қас-қағым ғұмырында елге деген жанашырлығымен көптің көңілінде қалған тележурналист туралы естеліктер айтылды.

– Балаларға әр сала бойынша жан-жақты бағыт беретін, шығармашылыққа баулитын бірден-бір білім мен тәрбиенің ошағы – оқушылар үйі. Біздің жас әріптесіміз, бірақ осы салаға ерекше үлес қосқан Сахитжанның атында үйірменің болуы жас тілшілердің тәрбиесіне үлкен импульс береді деп есептеймін. Ол журналистикадағы аз уақыттың ішінде көп еңбек еткен және халықтың мұң-мұқтажын ақпараттық-аналитикалық хабарлар арқылы билікке жеткізіп, шешілуіне мүмкіндік жасаған сананулы журналистің қатарында аты аталатын, кейде өткірлігі жағынан жоғары тұратын азамат еді, – деді Жағыппар Қарабала.

Арнайы дайындалған кабинетте Сахитжан Бермағанбетов жайлы деректер мен фотосуреттер жинақталған. Ерекше айта кетерлігі, шарада «Сырдың сәнпақ Сахитжаны» атты кітап таныстырылды. Мұнда оқушылардың журналист туралы үздік туындылары жинақталған.

Сондай-ақ оқушылардың қарым-қабілетін дамыту мақсатында облыстық білім басқармасы мен «Qyzylorda» телеарнасы, «Сыр медиа» ЖШС мен қалалық білім бөлімінің Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы арасында меморандумға қол қойылды.

ЖАС ОТБАСЫ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Апта басында облыстық жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Жас отау» жас отбасылар клубының кезекті отырысы өтті. Жиын барысында клуб құрамына жаңадан қосылған мүшелер таныстырылды.

Іс-шарада орталықтың «Отбасы істері» бөлімі қызметкерлері жас отбасыларға «Жас отбасы – жарқын болашақ» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Тренинг барысында түрлі интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып, клуб құрамына керемет көңілкүй сыйлады. Кездесу соңында клубтың алдағы уақыттағы жоспары құрылып, ұйымның логитип үлгісі бекітілді.

Жалағаш ауданының әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен өткен жастар ісі жөніндегі кеңес отырысында алты мәселе қаралды.

МӘСЕЛЕ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жастар арасында саламатты өмір салтын ұстануды насихаттау, денсаулығын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтов мәлімдеді. Ал тегін кәсіптік-техникалық білім беруді жүзеге асыру және студенттер арасында атқарылған жұмыс барысын Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің директоры Ғани Серікбаев, жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау шаралары бойынша атқарылған жұмыстар жайында аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ғабит Ербол баяндады. Сондай-ақ Жалағаш кентінде, Еңбек, Жаңадария ауылдық округтерінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы кент әкімі Ғалымжан Телібаев, Еңбек ауылдық округ әкімі Қайрулла Қалданов, Жаңадария ауылдық округінің әкімі Ғалым Жанашев баяндады.

Аудан әкімі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігеріне жастарды вакцина алуға шақыру жұмыстарын күшейтуді, Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі директорына қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында студенттердің ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, ата-аналардың қатысуымен жиналыстарды тұрақты түрде өткізуді, мемлекеттік жастар саясатын тиімді жүзеге асыру және студенттердің білсенділігін арттыру мақсатында жастар ресурстық орталығымен бірге жұмыс жүргізуді тапсырды.

БАЛАЛАР – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Балаларды тәрбиелеу, тарихты ұғындыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру – басты міндет. Осы мақсатта облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "Атамекен" отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілерін облыстық мұражайға апарып, тарихи экспонаттармен таныстырып, экскурсия жасалды.

Мұражайдағы көне жәдігерлер ерте заманның айнасы іспеттес. Экскурсия соңында балалар тарихи-өлкетану мұражайының үлкен әсер қалдырғанын айтып, пікір алмасты.

Қазіргі уақытта өскелең ұрпаққа заттай дәлелдемелер мен өткен ғасырлар сырын шертетін мұражайлар өте маңызды. Сондықтан осындай игі шараны бірлесе атқарған мұражай қызметкерліне балалар шексіз алғыс білдірді.

Nur Otan партиясы Шиелі аудандық филиалы жанындағы "Жастар" БПҰ-ның кезектен тыс XXXI конференциясына делегаттарды сайлау жиыны өтті. Жиынға БПҰ мүшелері Zoom платформасы арқылы қатысты.

ДЕЛЕГАТТАР САЙЛАНДЫ

БПҰ төрағасы Біржан Бақтыбайұлы 7 шілдеде өтетін Nur Otan партиясы Шиелі аудандық филиалының кезектен тыс XXXI конференциясына делегаттарды сайлау қажет екенін айтты. БПҰ-ның төрағасы Б.Өтебаев бастауыш партия ұйымының мүшелері Азамат Ғаниұлын және Біржан Бақтыбайұлын делегаттыққа ұсынды. БПҰ мүшелері бір ауыздан қолдап дауыс берді. Аталған азаматтар партияның кезектен тыс конференциясына делегат болып сайланды.

ОНКҮНДІК АКЦИЯ

«Тәрбие тал бесіктен басталады». Қай уақытта да отбасындағы ұрпақ тәрбиесі қоғамды бей-жай қалдырған емес. Тұрмыстық зомбылықта көбіне зардап шегетіндер – әйелдер мен жас балалар. Бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Дерекілік, балаға күш көрсету, олардың бағдарын өзгерту, зорлық-зомбылық, сайып келгенде, қылмыс болып саналады. Ол өз-өзіне қол жұмсауға алып келуі мүмкін.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында республика бойынша «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты 21 маусым мен 30 маусым аралығында онкүндік акция өтті. Іс-шара аясында облыстық жастар ресурстық орталығы Қызылорда қаласының жергілікті полиция басқармасымен бірлесе отырып, қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар шара барысында тұрғындарға зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жәбірленушіге арналған таратпа материалдары таратылды.

Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен, "Ашық азаматтық қоғам" ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ауылдағы бір күнім» бейнероликтер байқауының жеңімпаздары анықталды.

АУЫЛДАҒЫ БІР КҮНІМ

Ауданның 20-ға жуық жасы қатысқан додада үздіктер марапатталды. I орынды Нұртілеу Анарбай (Аққорған ауылдық округі) иеленсе, II орын Әйлә Данабекқызына (Жайылма ауылдық округі) бұйырды. Ал жүлделі III орынды Ұланбек Мәрсалы (ЖАТК, III курс студенті) қанжығасына байлады.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛДЫ

«Жақсықылыш кенті әкімінің аппаратында» 18-27 жастағы ер балаларды әскери борышын өтеуге шақыру мақсатында жиналыс өтті. Жиналысқа Арал аудандық «Жастар ресурстық орталығының» маманы Н.Серікбаев пен Жақсықылыш кентінің әскери есеп бойынша маманы С. Бекмұрзин қатысты.

Жиналыс барысында С.Бекмұрзин әскери қызметті өтеу парыз екенін ескерте отырып, шақыру қағазы келген жағдайда талап етілген орынға келмесе, ҚР заңнамасына сәйкес 648, 387 баптар бойынша жауапқа тартылатынын айтты. Жиналыс соңында Н.Серікбаев жастармен сөйлесе келе, оларға Отанды қорғауға кез келген дені сау азаматтың қабілетті екенін, әр ер азаматтың өз елінің патриоты болып, Отанды қорғауды – перзенттік борышым деп түсіну қажет екенін айтты.

Бетті дайындаған: Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Айдар САЙЛАУОВ

Еркебұлан СЕРІКОВ

«ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ»

ЖАЗБА АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының екінші жұбы – аралдық Айдар Сайлауов пен қармақшылық ақын Еркебұлан Серіков. Айтысты назарларыңызға ұсынамыз.

Айдар Сайлауов:
Қайырлы күн, бауырым, аманбысың,
Рауандап таң бүгін атар дегем.
Жауырынды жазайық жазба
айтыста,
Тек сонда үздіктермен қатар келем.
Сүбелі сөздерінді қозғап отыр,
Ойыңды майла және мақалменен.
“Аға” деп маған айтыс баста дедің,
Үлкеннен алғыс әрі бата ал деген.
Інілік ізетіңнен айналайын,
Мен саған “бауыр” атты шапан
берем.
Осынау өлеңімді домбыра алып,
Өзің оқып аларсың мақамменен.

Елдің жайын жырлашы жарқырап
бір,
Көңілің бар қазақтың даласындай,
Шабытың бүгін сенің арқырап тұр,
Өлеңінді оқиын баласынбай.
Бұл өмір расымен ақ пен қара,
Көзіңнің ағы менен қарасындай.
Жақсы мен жаманды да көрген елім,
Өткелден өткен талай аласұрмай.
Сондықтан бұл елімде бәрі қымбат,
Тәуелсіздік, еркіндік, нанасың
ба-ай.
Туған жер, өзен, суың маған қымбат,
Әлемнен мұндай өлке табасың
ба-ай.
Сен де бүгін қымбат жырдан
шашып отыр,
Елдегі көкөністің бағасындай!

Шайырға шырындай-ау ғажап тілім,
Ақынға алдаспандай қазақ тілім.
Тарихтың қатпарында қол бұлғайды,
Бұғауда бұлғақтаған азап күнім.
Бұзылмаған жырыңнан төкпелеші,
Орда бұзып жатқанда азаттығым.

Еркебұлан Серіков:
Болмайды ақиқатты көре жапқан,
Ауызды да жаппайды өлең аққан.
Қазағымның тарихын оқып білдім,
Тасқа қашап жазылған көне хаттан.
Жоңғар, қалмақ, қоқанмен кескілесіп,
Хандығы шайқалмастай шеге қаққан.
“Орбұлақ” пен “Ақтабан
шұбырынды”,
Жаудырды жебелерін төбе жақтан.
Ала көзін қадаған Қызыл Өскер,
“Алаштың партиясына” жебені
атқан.
Теңкерістің бірі боп бірінен соң,
Қазан беті жабылып, төнеді Ақпан.
“Ұлы Отан соғысын” бастағанның,
Құрады, шорт қиылып шөбі орақтан.
“Бұрқасын 86” бұлқынғанда,
Түсірген төрде отырған төрені аттан.
Тулаған елдің қаны судай ағып,
Қызыл теңіз бойында кеме батқан.
Зұлмат заман жұдырық түйгенімен,
Тас қараңғы түнекті жеңеді ақ таң.
91-де тәуелсіз ел атанып,
Тәубе деген елімнің беделі артқан.
Содан бері бейбіт күн тамыр жайып,
Нұр төгілді мейірімді еге Хақтан.
Ағажан-ау, қалайсың амансың ба?
Жігіттері түспеген өрелі аттан.
Ағажан-ау, алдында көсіле шап,
Сөздеріңіз қуанышқа бөлеп отқан.
Сонда да тайсалмайтын ел аман
ба?
Сарқырама суындай жедел аққан.
Төбесінен қанатты ұша алмайтын,
Батыр елді қылмаймын неге
мақтан?!
Майданның ортасында көзін ашып,
Соғыстан көз аша алмай келе
жатқан.

Айдар Сайлауов:
Тарихым дәм татырдың күйігіңнен,
Бұл да бір Жаратқанның сыйы
білгем.
Айтқаның орынды һәм солай болды,
Жанашырлық сезіліп жиі үніңнен.
Қате сөздер қолданып жатырсың-ау,
Өлендегі жүйріктік киігің кем.
Өзеннің шоңғалындай салмағың да
Арзандап қалды осы күйі бірден.
“Отқан” деп бір-ақ ауыз сөзіңменен,
Өзің түсіп жатырсың биігіңнен.

Сөз айтшы айдынға аққу, қаз
қонғандай,
Жадырап айналамыз жаз болғандай.
Тәуелсіздік қазаққа тарту өткен,
Ырғағында ғажайып саз қалғандай.
Мұнан соң сөздерінді тақтап жүрші,
Ағаңа осыншалық наз қалдырмай,
Өзіміз бүлдіреміз бұлақ тілді,
Орысша шулайтындар аз болғандай.

Жазғырып отыр деме неге мені,
Мазмұндама тізіпсің өнегелі.
Сәл-пәл болса айтысып отырайық,
Суырып-салғандығың керек еді,
Кітаптың соңғы бетін өлең қылып,
Айтылды шабытыңның терең емі.
Сенсіз де бүкіл қазақ біледі ғой,
Қазағым әлімсақтан керегелі.
Сөздерді де тым қате қолданасың,
Нысанаға алмады жебе нені?
Мұхамеджан ақыным бір сөзінде,
Сөз жайына тоқталды дөнен ері.
Сен секілді күйменген ауыздардан,
Піспеген сөздер шығад деген еді.

Еркебұлан Серіков:
Арманына жүргенбіз сеніп елдің,
Айдаржан, болашақтан нені көрдің.
Мақсатымыз даму ғой әрдайымда,
Қатарына кіргенбіз елу елдің.
Ғылым, білім көркейтер қазағымды,
Емес қазір біздерге ерігер күн.
Өз көніне жүрмейсің өлең жазып,
Жазба ақын ең, айтысқан сені
көрдім.
Айтайық осы жерде, ағажан-ау,
Өлеңмен мәселесін өріп елдің.
Түйе өлеңнен түймедей қате көріп,
Бағытын былғамайық керуеннің.

Кітаптың мазмұны деп айыптайсыз.
Кері күнге қайтарсам халықты ойша,
Өткеннің өнегесі кімге аян,
Пайымы парақ үсті қалып қойса.

Өлең сөзге жасымнан өткір едім,
Демей-ақ қояйыншы көп білемін.
Қазақ үшін жаным да қиып кеткен,
Айналайын нағыз ер тектім едің,
Қаншама көрсең-дағы қиындықты.
Халық үшін сөзіңмен көк тіредің,
Көрсе-дағы азапты жан қинаған.
Намысымен бар еді екпіні ердің,
Алаштың алғаш болған Президенті.
Осынау алып тұлға деп білемін!

Қазір сен бақыттысың күлесің де,
Әйтеуір той думан қып жүресің де.
Қазақтың ең алғашқы Президенті,
Сен айтшы, Айдаржан-ау, білесің
бе?

Айдар Сайлауов:
Сынға бұлай сынбашы бауырым-ай,
Інім-ау, көңіл менен қалды нағып,
Қазаныңнан мысық сүт ішсе-дағы,
Мен сенің тілеп жүрем алдыңа құт.
Болашақта әдет болып кетпесін деп,
Жатқаным ғой апаттың алдын алып.

Ақеділім, абыздардай арлы үнің,
Ана сүті атасы еді-ау дәмдінің.
Тәуелсіздік туылғанда түркі елі,
Қазақ болып атқа қондың әрбірің.
Шоңғал тастай бітіміңмен, азаттық,
Орда бұзғың келіп тұр ма, дәл
бүгін?!
Зар заманың запырандай зарлы
жыл,
Тарихыңды түспен жазды-ау
қанқызыл.
Бозторғайы «бостандық» деп
шырылдар,
Боз қыраты боздақтардай жанды
жыр.
Сабырымның сыбырындай естілген,
«Қазақстан қазақ үшін жалғыз ұл».

Бабам-ай сөзің қандай ұлық неткен,
Әр жолың бұлақ сынды тұнық
неткен,
Әлиханды еске алып отырмысың,
Елі үшін қайғыны тілін те өткен.
Бар Алашты бір туға жинаймын деп,
Аласармас партия құрып кеткен.

Елдігінде жүйткіп ардың жылқысы,
Сеңгірінде самғап ойдың жыл құсы.
Бодан күні балтырында із қалып,
Боран күні бордай болған тұрмысы.
Қазақстан әуелгі бақ Алашқа,
Тәуелсіздік қазағымның – тұңғышы.

Желтоқсанда жігерленіп қайманам,
Азаттықтың арда гүлі жайнаған.
Елдің жыры ердің мұңы болғанда,
Қызыл қаңға боялыпты айналам.
Қара бауыр қасқалдақтай қаны бар,
Еркек тоқты болып өткен қай бабаң?

Еркебұлан Серіков:
Сүрінгенін мойындар шын сәйгүлік.
Жүрегің жылыған жөн жат қамына.
Тамағымнан қалайша ас өтеді,
Тұраласам тайталас топта мына.
Иелігін бермеймін ит пен құсқа,
Ие болам қазанның қақпағына.
Алғыс аға жағама жармаспастан,
Арқамнан қаға алып жатқаныңа.

Тәуелсіздік басталады Керейден,
Қазағымның керегесі кеңейген.
Қасым ханның тұсында ел өркендеп,
Алты алаштың сұлтандары
көбейген.
Есім ханның тұсында шын
тыныштық,
Бай тең болған заман еді кедеймен.
Елдігімнің жырлап өтсем өткенін,
Шыға берер өлең деген көмейден.

Азаттық жайлы айтсам ой қатпарлы,
Кеуделе жыр бұлбұлы сайрап
қалды.
Үш жүздің басын қосқан Абылайым,
Намысын жықпай елдің айбаттанды.
Еркек тоқты болып өткен ел үшін,
Сен айтып отсың, Ербол,
Қайраттарды.

Бұл ағам қырандайын көкке өрлейді,
Болсыншы биігіне жеткен мейлі.
Айт дедің еркек тоқты құрбандықты,
Жаңылып түзетпек боп көп терлейді.
Жәнібек, Керейлерден бастау алған,
Азаттықты жырласам кек кернейді.
Ал, ағам болса бүгін азаттықты,
Еркек тоқты құрбанмен жеткен
дейді.
Еркіндік деген ұғым еркек тоқты,
Құрбан болған жандармен
шектелмейді!

Айдар Сайлауов:
Көп болсын өмірдегі жақтастарың,
Інісіз менің де бұл атпас таңым.
Негізгі ойың ойдан шығып тұр ғой,
Жөн екен бұл додаға ат қосқаның.
Тарихты шын түгендеп, орағытып,
Ойымды ұнап жатыр тап басқаның.

Осылай табылмаған деректіізде,
Азаттықты сыйлаған себептіізде.
Өткеннің барлығында өнеге бар,
Тәуелсіздік жылдары бөлек тізбе.
Тарих атты сабақты оқи бермей,
Тарихтан сабақ алу керек бізге.

Сөзімді бұрмалайсыз неге менің?
Шынайы бақ құраған өлең елім.
Өлшемі жоқ дүниелер көп болады,
Түсінбеген ойыңды себеледің.
Еркек тоқты құрбандық дегеніммен,
Еркіндікті құрбандық демеп едім.

Ақындықты алпауыт сыйым десең,
Мен де бір ағалықтың күйін кешем.
Тәп-тәуір ақын болып кетесің-ау,
Буын нәм бунақтарды “бейімдесең”.
Түйедей сөздерінмен, тапқырлықпен,
Бүгінгі айтысты сен түйіндесең...

Еркебұлан Серіков:
Іниден жарамайды именсеңіз,
Елге сөз айта алдық билерше біз?!
Буын мен бунақты түзе дейді
Не дейін сіз ақылшы күйге енсеңіз?
Сен де жақсы айтыскер болар ма
едің,
Айтысудың жүйесін үйренсеңіз.

Мойыныңа артқасын ағалықты,
Іниге жол салмадың сен жетелер.
Қыл арқан шірімейді дейді қазақ
Жігіт ек сөзге тоқтап жөнге келер.
Айтысты түйіндейін сіз айтсаңыз,
Мойынға артқан жүкті бел көтерер.

Бұл күні іргедегі дұшпандарым
Елімізге отыр ғой сұғып басын.
ЛГБТ деп ұран қылғандарды
Елімізге ендігі жуытпасын.
Қызымыз шетел аспай, арын сақтап,
Көңілін ата жұрттың суытпасын.
Ұлымыз елін қорғап жүрсе екен,
Елінің ізгілікке бұрып басын.
Қазақты тонап жүрген жемқорларды
Шеңділер шекара аспай құрықтасын.
Қас қылса қиып түсер қылыш едік,
Өзгелер жерімізге қызықпасын.
Азаттығым мәңгі боп тілейтінім,
Қазақтығын ұлтымыз ұмытпасын.

ОЙ-ТОЛҒАМ

ҚАЗАҚЫ АЙМАҚТЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Шетелді айтпағанда, елдің басқа облысына ат басын бұрсаң Қызылорда аймағын «қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ортасы» деп таниды. Дәстүрді ұмытпай, заман көшіне сол қазақылығымен еріп келе жатқан өңірдің бұлай ерекшеленуі тілдің тазалығынан тәрізді. «Алаштың анасы» атанған аймаққа көпшіліктің құрметпен қарауы да осы туған тілмен байланысты. Көптен бері көңілде жүрген осы жағдай Тәжікстанның таулы Бадахшан аймағын мекендеген халықтың өмірі сүру салтын еске түсіреді. Сол таулы аумақта саны тоқсан мыңнан аспайтын шунған деген халық өмір сүреді. Бұрын бұл халықтың тілінде (шунған тілі) бірде-бір көркем фильм түсірілмеген. Бірақ кейінгі жылдары бұл оқылықтың орны толып, кино мәселесі қолға алына бастаған. Айтпағымыз, фильм жағдайы емес. Біздің назарды аудартқан дүние, «Мушкилкушо» атты фильмнің шунған тілінде түсірілуі еді. Онда шунған халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі әдемі бейнеленген, тілін түсінбесеңіз де қызығып көресіз. Көріп отырып, тіл арқылы аз ғана халықтың дәстүрін дәріптеп, көптің құрметіне бөленгенін байқауға болады.

Қызылорда дегенде, таза қазақ тілінде сөйлейтін тұрғындар, ата-бабасының әдетінен жаңылмай жылы жүзбен қонақ күтетін адамдар ойға оралатынын айттық. Бұл сөзімізді А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанның "Мен орысқа да, американдыққа да қажет емеспін. Өйткені ҚАЗАҚПЫН!" сұхбатындағы мына үзінді де дәлелдеп тұрғандай көрінеді:

«Маған өз тілінде сөйлемейтін кейбір мықты таныстарым, «саған қазақ тілі неге керек, ағылшын тілін білсең, көп ақпаратқа қол жеткізесің, қаншама керемет дүниелерді танып білесің. Ол – ғылым тілі. Неміс те, жапон да ағылшын тілінде жазып жатыр. Ал біздің тіл болашақта кімге керек?» дейді. Сол кезде салың суға кетіп, ойланып қаласың. Миымнан бүкіл қазақ тілін алып тастап өмір сүруім қалай болар екен деп елестетіп көрдім. Қиялымның мүмкіндігі жеткенше объективті жағдайдың қалай боларын елестеттім. Онша мәз емес, тіпті қиын болып көрінді. Себебі онда мен батыстың адамы болады екенмін, еуропаша киінем, еуропаша жүрем, тұрам. Үйге келген адамға отыр деп айтпаймын. Беймезгіл уақытта келсе, есік аузынан шығарып салам. Оларда мәдениет солай ғой. Шайға келіңіз дегенде тек қана шай берем. Қазақтар шайға келіңіз дейді де, ет береді. Сейтсем, мәселе тілде ғана емес екен. Мысалы, мына жарық дүние бәрімізге ортақ. Алла Тағала сені осы дүниеге келтіріп, өмір сүргізді. Енді сен ол дүниені танисың. Мен бұрын адамдар дүниені барлығы бірдей таниды деп ойлаушы едім. Сейтсем, адамдардың барлығы дүниені бірдей танымайды екен. Адамдар қай тілде сөйлесе, сол тіл арқылы дүниені таныған соң, олардың да танымы ұлтына қарай әртүрлі болады екен» дейді тіл маманы.

Дүние дүрбелеңі жиілеп, ақпараттың алақұйын уақыты болып тұрған қазіргі кезде өзге тілге деген қажеттілік басты талапқа айналғанын айтпай-ақ білесіз. Кезінде жазушы Мұхтар Әуезов «... орыс тілінен қазақтың тілі әлдеқайда бай, икемді, ырғақты, мағыналы, әсем, ықшам, әуезді. Екі тілді салыстыруға болмайды, қай жағынан алғанда да біздің тіліміз артық!» деп жазыпты. Дегенмен қазір қазақ тілін өзге тілмен салыстырудан әрі асып, саналы түрде ана тілден бас тарту белең алғаны ұлт үшін үлкен екініш. Бірақ қазақы орта барда тілдің түйіні шешілері анық. Сыр елін «Алаштың анасына» айналдырған да осы үлкен құндылық емес пе?!

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

ТІЛІ «ШЫҚПАҒАН» ҚАЗАҚ

Кейде адамның жан дүниесін, санасын, мінезін, жалпы тұлғалық болмысын тілмен байланыстырып жатамыз. Оны ғалымдар әлдеқашан рет дәлелдеп те үлгерді. Ана тілінде қандай да бір сөзді айтқанда сәбилердің өзі үйлдеп, туған тілін түсінетіні жайлы мысалды сіз де оқыған боларсыз. Ал тіл жайлы мына оқиғаның жөні тіпті бөлек.

«Атам қазақ бала алғаш былдырлап сөйлей бастағанда «тілі шығып келеді» дейді. «Тіл үйреніп» демейді. Нәресте құрсақта жатып атасы, анасы сөйлеген тілдің денін (көп бөлімін) бойына сіңіріп алады екен. Мұнда өте нәзік генетикалық жад мәселесі де бар. Екі-үш жасқа келіп, заттарды толықтай көріп, тілі икемге, сөйлеуге келген кезде әлгі бойындағы атаулар сөз болып бұрқырап шыға бастайды. Тіпті кей сөздердің атауын бірінші рет естісе де оның беретін ұғым, мәнін бұрынған білетін секілді сезіліп, ары қарай өте жылдам ұғып алатыны анықталған. Міне, сол себепті де, «тілі шығып келе жатыр» деп айтамыз. Ар жағында бар нәрсе бері шығып жатыр ғой». Әлеуметтік желідегі парақшасында жазушы Ұлрбек Нұрғалымұлы осылай жазыпты. Қызығы сол, жазушының айтуынша тілі енді шығып келе жатқан балаға өзге тілді үйретсең, баланың ой-санасында үлкен өзгеріс басталады. Тіл үшін күрес. Ана тілі немесе жат тіл арасындағы түсініксіз бірақ аса күрделі күрес. Осыдан соң баланың тілі де, ойы да дүдәмал күйге түседі. Жаныңдағы ата-анасы, одан қалды ортасы санасына еріксіз тықпалаған тіл көп ұзамай балаға да үстемдік құрады. Тілмен бірге қиялы, қазақы болмысы, мінезі де өзгере бастайды да, бірте-бірте өз ұлтына кеудесоқтықпен қарайтын түсінік пайда болады. Сонда баланы туған тілінен айырсаң, тұтас санасын да билеп алу қиын емес екен, тегінде?!

«Біз ана тілін білмейтін кей қазақтың баласын «тілі орысша шыққан» деп жатамыз. Қате сөз. Кез келген адамның тілі әуелі ана тілінде ғана шыға бастайды. Қалғанын үйренеді. Біздің айтып жүргендеріміз тілі шықпай қалған қазақтар. «Тілі шықпай қалып, сосын орысша үйреніп алған қазақтар» деп ұғынғанымыз дұрыс. Қазіргі биліктегілердің көбі сондай, тілі шықпай қалған қазақтар. Тілі шықпай қалған адамды үйренген тіл билейді. Олардың ұлтқа қызмет етуі неғайбыл. Сондықтан да тіл – тәуелсіздіктің басты шарты» деген жазушының ойы орынды. Бұрын да, бүгінде тіл мәселесі жиі айтылып та, жазылып та келеді. Бірақ тіл үшін күресті билік басынан емес, бесіктегі бөбектен бастаған дұрыс секілді. Ойы мен ақылына құрық түспеген бүлдіршіннің тілі ата-ана мен қоғамның пікірінен тәуелсіз болса қандай ғажап?! Сонда ғана тілі үшін күрескен бала бұла күшін ана тілінде жазылған көркем дүниені оқуға, өзі де ер жеткенде ұлты үшін биікке ұмтылуға жұмсар еді. Айналып келгенде, ұлттық қодтың бір ұштығы, тарихтың тамыры тілмен байланысты болған соң тіл тәуелсіз болмай, сананың да азат болуы қиын. Сондықтан тіл үшін күрес мемлекет үшін маңызын жоғалтпай, жылдар бойы жалғасып келеді.

Жоғарыда айтылған тіл жайлы тұжырымды ғалым Тұрсын Жұртбайдың еңбегінен де көруге болады. «Адам баласы туылғанда жетінші бабасының миымен дүниеге келеді екен. Яғни, қазақы түйсіктен, дәл ұғымы қазақ миымен осы әлемнің есігін ашады. Қызылшақа нәресте туған сәтте миы балқып тұрған қорғасын іспетті ыпыстық болатын көрінеді. Сол балқып тұрған ми дүниеге келгенде оны қоршаған орта, ата-анасы және қоғам ата-бабасына жат болған тілде сөйлесе, оны ұқпай шырқырап жылайды. Сөйтіп, басқа амалы қалмаған соң, жаратылысынан жат ортаға бейімделуге әрекет етеді. Нәтижесінде, балқып тұрған ми толық дерлік қайта жасалып, «қисайған» күйде қатаяды. Осындай ауыр үдерістен өтіп «қисық» қатайған ми өзінің ұлттық қодынан безіп кетіп, оған қайта оралуы тым қиын болады. Менің бұл айтқандарым – ғылыми тұрғыда дәлелденген нақты дәйектер. Оны осы саланы зерттеумен шұғылданатын ғалымдар айтып жүр. Сондықтан қазір орыс тілді қазақ отбасыларында дүниеге келген әр сәби адам төзгісіз осы күйді бастан кешіріп жатыр ма деп қорқамын» дейді ғалым.

Анығында, ұлтты сақтап қалудың, тарихты жадыдан жоғалтпаудың басты амалы дүниеге келген әрбір қазақ баласының тілі «ана тілінде шығуымен» байланысты. Өйткені туған тілін түсінген ұрпақ қана тәуелсіздік пен елдің ертеңі үшін қызмет етеді.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өтпеді.

ӘЛЕМДІК КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлемге қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын терендете түседі.

Сыбайлас жемқорлық ұғымын осы қылмыстың бір түрі ғана болып табылатын кәдімгі пара алу деп түсіну қате болар еді. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық дегеніміз – бұл заңдарды айналып өту арқылы өз мүддесі үшін материалдық және заңдық артықшылықтарды алу, «өзінің» адамдары есебінен жеке мәселелерін шешу.

«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

Әлішер ШАМКЕНОВ

АШКӨЗДІК БИЛЕГЕН

Бұл күндері танысың болмаса табыс табу қиынның қиыны. Беделі мен берері мол жұмыскер атану үшін я таныс керек, я көлемді «жарнапұл» керек. Қолынан келсе қарапайым халықтың аузындағысын жырып алуға дайын-ақ адамдар бар. Қош. Асылында, алмай-бермей өмір сүру мүмкін бе?

Соңғы кездері ел аузында жемқорлық көп айтылып жүр. Бірі жұмыс істеу үшін қанша ақша беру керегін тілге тиек етсе, енді бірі мансап үшін берілетін «сыйақының» мөлшерінен хабардар. Ашкөздік не істетпесін? «Ақшаның теңізінде жүзіп жүргендер» қолына билік тие қалса, әр қимылдағаныңа ақша сұрағысы кеп тұрады. Ақшасы барлар сұрағанын беріп, көздегеніне жетіп жатса, деңгейі «төмендер» «жоғарыдағыларға» қызығып қарайды. Біздің қоғам қазір қолынан кеп тұрса, алғанда тұрған не бар деп қарайды. Ең қорқыныштысы осы.

Арнайы қызмет алаяқтарды ауыздықтаумен әлек болса да, азаяр емес. Күн сайын бір ашкөзді темір торға қамап жатыр. Өйтсе де жемқордың саны күннен-күнге өсу үстінде. Дертті қоғамның даусы бар ма?

Жемқорға берілетін жазаны жеңіл деп айтуға келмес. Сотталғандардың арасында лауазымы тәп-тәуір, беделді басшылар да бар. Алайда өкінетін тұр байқала ма? Дүниенің бар байлығын жиып алғандар мұны қаперіне ілмей, еш уайым-қайғысыз ғұмыр кешіп жатқан жоқ па?

Ия, қазіргі таңда біреуге сыйақы бермей өмір сүру мүмкін еместей. Алайда алдын алу өзіміздің қолымызда емес пе? Ендігі кезекте пара бермеуді ойласақ қайтеді? Алаған қолдың абыройын асырып тұрған береген қол емес пе? Ендеше бұған жол бермейік. Өзімізден бастайық. Сол кезде өзге жұртқа ауыз ашып таң қалмай, өз еліміздің де үлгі тұтар деңгейге жеткізе аламыз. Әр адам адал еңбектің наны тәтті болатынын білу керек. Біздің міндетіміз – жемқорлыққа жол бермеу! Жүрегі «Елім, Жерім!» деп соғатын әр жанның адалдықты ту еткені керек-ақ!

Аружан НОҒАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
III курс студенті

СЫР СҰХБАТ

Нұрлыбек АСАНБАЕВ, Студенттер сарайының директоры:

ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАРДЫ ІЗДЕЙМІЗ

Бүгінде Студенттер сарайы облыстық маңызы бар үлкен мәдени орталықтың біріне айналды. Ғимаратта түрлі деңгейдегі шаралар ұйымдастырылумен қатар республикаға танымал өнер адамдарының кештері де өтеді. Тіпті мұнда Елбасы Н.Назарбаевтың өзі екі рет ат басын бұрған. Жалпы Студенттер сарайы іс-шара өткізуден бөлек, аймақ жастарын үлкен сахнаға тәрбиелейтін қадірлі орын. Сахна төрінен елімізге белгілі әншілер мен өнер қайраткерлері түлеп ұшты. Бүгінде аймағымыздың мәдени ошағына айналған орталыққа осы сахнада өнер көрсетіп, «Қорқыт» құрамасы командасымен танылған Нұрлыбек Асанбаев жетекшілік етеді. Осы орайда орталық директорымен әңгімелесудің сәті түсті.

– Нұрлыбек, қызметке келгеніңізге бір жылға жуықтапты. Айтыңызшы, орталықтың бүгінгі жай-күйі қалай?

– Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайының іргетасы 1971 жылы қаланған. Алғашында Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың акт залы есебінде пайдаланылып, кейін сахналық қондырғылар орнатылды. Ал 2001-2002 жылдары ғимаратқа күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде заман талабына сай жабдықталған мәдени орталықта 460 көрермені қамтуға мүмкіндік бар. Қазірде орталықта 100 адамға есептелген фойе залы мен өуен студиясы бар. Бүгінде заманауи үлгіде жабдықталған нысанда он шақты қызметкер жұмыс істейді. Осындай тарихы тереңнен бастау алған орталықта қызмет атқару үлкен жауапкершілікті жүктейді. Бүгінде орталық қарантин талаптарын сақтай отырып, аптасына екі-үш рет ауқымды іс-шараның өтуіне атсалысуда. Жаңа қызметке тағайындалған соң, орталыққа қажетті құрал-жабдық тізімін жасақтап, ректор Бейбіткүл Көрімоваға ұсыныс айтқанбыз. Ректор бұл ұсынысты қабылдап, қажетті қаражатты бөліп, соңғы үлгідегі цифрлы музыкалық аппаратура алынып, сахна жарықтандырылды. Сонымен қатар көрерменнің сахнадағы көріністі LED экранмен тамашалауына болады. Деңгелек үстел өткізуге қажетті интерактивті тақта да жаңадан алынды. Бұл құрал-жабдықтардың барлығы облыстық іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне септігін тигізеді.

– Орталықтың техникалық базасы жаңартылғаны құптарлық дүние. Бұл студент жастарға қандай мүмкіндік сыйлайды?

– Жаңа аппаратардың көмегімен студенттер жаңа қырынан танылады деп ойлаймыз. Себебі, қазір халық жаңа жаңды дауыста ән тыңдау сұранысқа ие. Жаңа музыкалық аппаратымыз осы талап үдесінен шыға алады. Байқағаныңыздай, Студенттер сарайында жастарға барлық жағдай жасалған. Мәселен, жыл сайын жалауын көтеретін «Студенттік көктем» фестивалі, «КТК» ойындары тұрақты түрде өткізіледі. Сондай-ақ аталмыш мәдени ошақта студенттердің шеберлігін шыңдау және театр өнеріне баулу мақсатында 2010 жылдың 10 сәуірінде Қызылорда облыстық әкімдігі, облыстық «Азаматтық альянс» қауымдастығы, «Ғілілік» корпоративтік қорының қаржылық қолдауымен үш жақты келісім аясында «Жауқазын» студенттер театры құрылды. Сонымен бірге университеттің профессор-оқытушыларынан құралған «Қорқыт. kz» вокалды аспаптар ансамблі жұмыс істейді. Ансамбль репертуарында Қазақстан композиторларының «Ана туралы балпада», «Елім менің», «Шофер әні» сияқты шығармалар бар. Өздеріңіз білесіздер, бұрыннан бері Студенттер сарайы жанынан арнайы музыкалық студия жұмыс істейді. Студияда университет студенттерінің жаңа әндері, орталықта өтетін іс-шараларға қажетті әндер жазылады. Әсіресе бұл мүмкіндікті Дәстүрлі өнер институтының студенттері тиімді пайдаланады. Бұл студияға Айбек Үсайын жетекшілік етеді. Алдағы уақытта Студенттер сарайы жанынан фото-видео студия ашу жоспарда бар. Онда студенттік өмірді насихаттайтын қызықты қысқа метражды сериал және университетіміздің оң имиджін қалыптастыру мақсатында жарнамалық роликтер түсіру ойда бар.

– Орталықтағы кітапхана қызметіне тоқтапсаңыз...

– Ғимараттың бірінші қабатында кітапхана және университет тарихынан сыр шертетін музей орналасқан. Қазіргі таңда кітапхана күрделі жөндеуден өтуде. Жаңа оқу жылында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Кітапхана жыл сайын жаңа әдебиеттермен толығуда. Сондай-ақ жөндеу жұмысы аяқталған соң, кітапханада коворкинг орталығы ашылады деп отырмыз.

– Көрермен көңілінен шыққан "Студенттер театры" қойылымдарын байқамай жүрміз. Әлде тарап кетті ме?

– Рас, көрермен ықыласына бөленген жастар театрының орны біз үшін ерекше. Театр Р.Мұқанованың «Қыз жылаған», К.Рахмановтың «Келін», «Ол жалғыз – біз екеуміз» пьесаларымен көпшілікке танылды. Жастардың актерлік шеберлігін шыңдауда театр жетекшісі Садуақас Әдеповтың еңбегі ерен. Елде жарияланған төтенше жағдайға және топ мүшелерінің оқуы аяқтауына байланысты театр жұмысы тоқтады. Алдағы оқу жылында кастинг өткізіп, қайта құруға, қайта жандандыруға күш саламыз. Сондай-ақ биылғы басты жаңалық – Студенттер сарайы жанынан вокалды аспаптық ансамбль құрылды. Оған кастинг өтті. Дәстүрлі институтта оқитын студенттер ғана емес, сонымен қатар шығармашылыққа жаны жақын өзге мамандықта білім алушы студенттер де қатысты. Қазір ансамбль құрамы концерт беруге дайындық үстінде.

– "Қорқыт" КВН командасының мүшелерінің бәрін отандық телеарнадан көріп жүрміз...

– Рас, топ құрамындағы Құттыбай Сағындықов жетінші арнамен бірге әртүрлі жобаға түсуде. Асылхан Дүкенбаев та телевезиялық жобалар арқылы елге танылуда. Қазір сериал түсіру жоспарлануда. Қорқыт ата университетінің түлектерінен құралған "Қорқыт жастары" КВН командасы да біршама жетістікке жетті. Мәселен, республикалық КТА жоғарғы лигасында өнер көрсетуде. Жақында Нұр-Сұлтан қаласындағы сайыста 1-8 және 1-4 ойындарында сәтті өнер көрсетіп, жартылай финалға жолдама алған жайы бар. Енді ақтық сында жеңіске жетеді деген сенімдеміз. Бұдан бөлек, Қорқыт ата университетінің түлектерінен құралған жас командамыз бар. Жайдарман Life лигасында өнер көрсетіп, республикалық бірінші лигаға жолдама алды. Қазір университет атынан осы екі команда жақсы көрініп жүр.

– Өңгіменізге рақмет.

Сұхбаттасқан Айгүл ӘЛІШЕРОВА

ЕЛ МЕРЕЙІ

АҚМЕШІТТЕГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тұғыры биік –Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Аламан айтыс Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының қолдауымен қалың көрерменге ұсынылды.

Жыр додаға республикаға белгілі 12 ақын қатысып, тәуелсіз елімздің 30 жыл ішіндегі белестерін жырға арқау етіп, ұлттық өнерді ұлықтады. Бекарыс Шойбеков (Түркістан қаласы), Айбек Қалиев (Арқалық қаласы), Әсем Ережекызы (Нұр-Сұлтан қаласы), Аспанбек Шұғатаев (Павлодар қаласы), Бауыржан Ширмединұлы (Орал қаласы), Серік Қуанған (Өскемен қаласы), Айшолпан Тілеутай (Семей қаласы), Айдос Рахметов (Қызылорда қаласы), Мұхтар Ниязов (Қызылорда қаласы), Нұрмат Мансұров (Сырдария ауданы), Нұрзат Қару (Қазалы ауданы), Жамбыл Бақытәлиұлы (Қызылорда қаласы) сынды ақындар көрерменнің көңілінен шығуға тырысты.

Ақмешіттегі айтысқа республикалық «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбай, Ш.Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығы директорының орынбасары, Мәдениет саласының үздігі Ахметжан Өзбеков, айтыскер ақын, Мәдениет саласының үздігі Серік Ыдырысов, ақын, режиссер-сценарист, Қызылорда қалалық Жастар театрының көркемдік жетекшісі, Мәдениет қайраткері Оңтапан Нұрмаханов, айтыскер ақын, Қ.Мырзалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық өнер орталығының директоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Бауыржан Халиолла қазылық етті.

Елдің ерек ықыласына бөленген ақын Айбек Қалиев пен айтыс алаңына енді ғана қадам басқан Сырдың перзенті, қазалылық Нұрзат Қарудың айтысы шұрайлы да көркем ойларымен баурап алды. Айтыстың ақтаңгері, үш мәрте «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов пен Айшолпан Тілеутай айтысындағы қазақы қалжың, бір-бірінің аузынан шыққан сөзді дереу іліп әкетіп, жылдам жауаптасып, жұртқын назарын аударуы өскіден келе жатқан қыз бен жігіт айтысын еске салды. Семейлік Әсем Ережекызы мен Бекарыс Шойбектің де жекпе-жек айтысы көптің көңілінен шықты.

Сырдың бойын дүбірлеткен жыр додасының қорытындысында бас жүлдені Қазалы ауданынан қатысқан жас ақын Нұрзат Қару жеңіп алды. Ал бірінші орынды айтыстың ақтаңгері Мұхтар Ниязов иеленді. Екінші орынды белгілі айтыскер Бекарыс Шойбек, үшінші орынды Аспанбек Шұғатаев, Әсем Ережекызы, Айбек Қалиев сынды ақындар иеленді. Айтыс аламанында өзіндік орны бар Нұрмат Мансұр бұл айтыста Жұрсін Ерман атындағы арнайы жүлдені қанжығасына байлады. Жүзден жүйрік шыққан жүлдегерлерді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова марапаттады.

Ерасыл ШӘРІБЕК

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ

Жаңақорғанда ат-әбзелдерін жасайтын ұста тапшы. Сыр өңіріндегі жылқының жартысы осы ауданда болғандықтан әбзелдерге деген сұраныс өте жоғары. Оның үстіне ат спортынан облыс құрамасының толықтай дерлік құрамын жаңақорғандық жігіттер құрайды. Сондықтан сәйгүлік баптан, оның жабдықтарын жасау өнері таптырмайтын кәсіпке айналды.

Бесарықта тұратын Байкісі есімді жас шебер ата кәсіпті серік етіп, бүгінде шағын шеберханасын бизнес көзіне айналдырып отыр. Тұрғындар талғамына сай жасалып жатқан әбзелдерді көзбен көру үшін тау етегіндегі ауылға бет алдық.

БАЙКІСІНІҢ БАЙ ШЕБЕРХАНАСЫ

Қазақта «аттан айырылсаң да, ер-тоқымнан айырылма» деген аталы сөз бар. Осынын өзі кешегі көшпелі қазақ халқының ат-әбзелдеріне деген құрметін көрсетеді. Өйткені әбзелдерді тұрмыстық, сәндік, жауынгерлік мақсатқа орай пайдаланып отырған. Жүйрік ат, алтын жалатылған ер-тұрман, сұлу жар – ер-азаматтың ажары деген сөз осыдан қалса керек. XXI ғасырда техника қарыштап дамыса да, ат әбзелдеріне сұраныс азайған емес. Әсіресе бүгінгі кейіпкеріміз Байкісі Айдаштың шеберханасына келетіндердің қарасы қалың.

– 2019 жылы қайтарымсыз қаржыға қол жеткізіп, Қытайдан арнайы құрал-жабдықтар алдырдым. Жалпы жылқының жабдығын жасау үшін кейде бір айдан да астам уақыт кетеді. Ер-тұрман, үзеңгі, ноқта, тартпа, тоқым, жүген және өзге де әбзелдерін жасай беремін. Тапсырысқа сай жұмыс жасаймын. Заманға сай ат-әбзелдерін жасау кәсібін қолға алғаныма 10 жылдан асты. Әкеден қалған кәсіпті кәдеге жаратып, бұлтыр қайтарымсыз грант ұтып алдым, – деді ол.

Жалпы қазақ халқының өмірінде ағаштан жасалатын үй және тұрмыстық бұйымдардың алатын орны ерекше. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Сол себепті ат әбзелдері қазақ үшін құнды бұйым. Ел арасында сапалы ер-тұрманға деген сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқаны қуантпай қоймайды. Соңғы жылдарда аудандағы ат спортының дамуы көңіл қуантады. Сыр өңірінің намысын қорғап жүрген жаңақорғандық жігіттердің жеңісіне қазақ елі күә. Байкісіге ауыл-ауылдан тапсырыс көп түседі екен. Бізге әбзелдердің бағасын білу қызық болды.

– Сапасына байланысты, негізінен ер-тұрмандар 60 мың теңге болса, жүген 15 мың, тартпа 10 мың, осылай кете береді. Әбзелдерді екпе талдан жасаймыз. Бұл ағаш бізде өседі, тек Өзбекстаннан жіп, бұлғары алдырамыз. Кейде Өскемен қаласына да тапсырыс береміз, – деді кейіпкеріміз Байкісі.

Ер-тұрман жасайтын адамды ерші дейді. Ершілердің ер-тұрманды жасау әдісі әртүрлі. Ердің ағаштан жасалған негізгі бөлігін сүйегі деп атайды. Ағаш тапшы жерлерде ердің сүйегін бірнеше бөліктен қиюластырып, құрап, желімдеп жасайды. Оны «құранды ер» деп атайды. Сол сияқты жуан ағаш діңгекті екіге жарып, әр бөлігінен ер сүйегін тұтас шауып шығуға да болады. Құранды ер жасауға қайың ағашының безі өте қолайлы екен. Өйткені ол өте берік әрі жарылып шытынамайды, қаңсымайды, өңделген кезде ағаштың табиғи өрнектері ашыла түсіп, өте әдемі болады.



Байкісі көктем-жаз айларында көбіне уақытты шаруашылық жұмыстарына арнайды. Күз бен қыста тапсырыс көп түсетін көрінеді. Өйткені көкпарға елдің оңтүстік өңірі көбіне күз бен көктем айларында шабады екен. Өзірге әкесі екеуі шағын кәсіпке дем беріп келеді. Алдағы уақытта цех жұмысын ұлғайтып, қосымша қызметкерлер алу ойында барын жасырмады. Қазірдің өзінде ауыл жастары үйренугениет білдіріп жатыр екен.

– Қазір ат әбзелдерін жасау технологиясы дамыған уақыт. Бәсеке де бар, сондықтан өзге өңірлерде сапа мен нарық айтарлықтай рөл ойнайды. Байкісінің жасаған бұйымдарына біздің көңіліміз толады. Бағасы да қолжетімді, ол әлі жас, шыңдала түсуі керек. Бабадан келе жатқан кәсіпке дем беріп, заманға сай икемден жатқан оның қызметіне көңілім толады, – деді ұлттық ат спорты түрлерінен облыстың аға жаттықтырушысы Исламхан Боранбаев.

Қарап тұрсақ, бір ерді жасауға қаншама күш, уақыт кетеді екен, ал толық әбзелдерді жасау шынымен шыдамдылық пен ұзақ уақытты қажет етеді. Байкісінің күні-түні адал еңбегінен осының көрдік.

Роллан БІРЖАН

2 ШІЛДЕ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ КҮНІ

1992 жылдың 2 шілдесінде Елбасы Жарлығымен шетелдермен ынтымақтастық орнату мақсатында Сыртқы істер министрлігі құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі болып Төлеутай Сүлейменов тағайындалды. Осы тұста сыртқы саяси ведомствоның құрамы небәрі 17 адам болатын. Министрлік басшылығы алдымен Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыты туралы тұжырымдама жасады. Оны әзірлеуде Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Марат Тәжин, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбаев атсалысты.

ҚР Президентінің 2009 жылғы 1 шілдедегі №837 Жарлығымен кәсіби және өзге де мерекелер тізбесінде 2 шілде – Дипломатиялық қызмет күні деп аталды. Сол күннен бастап бұл күнді атап өту дәстүрге айналды.

ЕЛДЕСТІРМЕК – ЕЛШІДЕН

Биыл – Қазақстанның дипломатиясына 29 жыл. Әлемнің 180 елімен дипломатиялық қарым-қатынастың барлығы тамшыдан жиналған теңіздей өлшеусіз еңбек екені белгілі. Өйткені тәуелсіздік алған тұста тұралап қалған салаларды дамыту үшін қомақты көлемде инвестиция қажет еді. Ал инвестицияны алу үшін өз тәуелсіздігінді мойындатумен қатар, алып мемлекеттермен иық тіресе білу қажет. Осы тұста егеменді еліміз 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, кейіннен әлемдік және аймақтық деңгейдегі ұйымдарға мүше бола бастады. Мысалы, Қазақстан Еуразиялық экономикалық одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі және басқа да халықаралық ұйымдардың белді мүшесі. 2017-2018 жылы БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайланды. Жалпы сыртқы елдермен жүргізілген сәтті саясаттың нәтижесінде тәуелсіз елімізді дүниежүзінің түпкір-түпкіріндегі мемлекеттер тани бастады. Осы орайда шетелдерде Қазақстанның дипломатиялық және консулдық өкілдігі жұмыс істейді. Мәселен, осы уақыт аралығында жас мемлекет 183 елмен дипломатиялық қатынас орнатты. Шетелдерде Қазақстанның 90-нан астам дипломатиялық миссиялары – елшіліктері, халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдіктері, бас консулдықтары жұмыс істейді. Ал біздің елде 137 шет мемлекеттің елшісі тіркелген және 20-дан астам халықаралық ұйымның офисі жұмыс істейді.

АЛҒАШҚЫ БАСТАМА

Ел дипломаттары әлемдік деңгейде ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу туралы айтып қана қоймай, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойғанда бұл күнді БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні ретінде бірауыздан бекітті. Сонымен қатар Қазақстан Орталық Азияда Ядролық қарудан азат аумақ құруға белсенді түрде қатысты. 2015 жылы Елбасы бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясының Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға бірдей декларациясы қабылданды. Ядролық қаруды таратпауда біздің Елбасының тағы бір бастамасы – АТОМ жобасы. Оның онлайн петициясына 100-ден астам елдің 300 мыңнан астам адамы қол қойды. Ол жобада Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты ратификациялауда прогреске қол жеткізу талабымен жетекші мемлекеттердің көшбасшыларына үндеу жасалды. 2018 жылғы наурызда Қазақстан ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа қол қойды. Дамушы елдердің бастамасы бойынша осындай Шарттың пайда болуы және қабылдануы халықаралық

10-ыншы Қазақ КСР сыртқы істер министрі, Төтенше және өкілетті елші – Ақмарал АРЫСТАНБЕКОВА

қоғамдастықтың, әлемнің бірқатар жетекші мемлекеттерінің ядролық қарудың сақталуына алаңдайтынын және үстінен ядролық ажал аждаһасы төніп тұрмайтын әлем құру жолында әрекет ететінін білдірді. Орталық Азияда біздің еліміздің өмірлік маңызы бар мүдделері тоғысқан. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның тұңғыш Президенті өңірлік жақындасу саясатын белсенді түрде жүргізді. Өңірдің мемлекет басшыларының соңғы кезде жиілеп кеткен екіжақты және көпжақты форматтардағы қарым-қатынастары өңірлік ынтымақтастықтың саяси еркі мен серпінін көрсетеді. 2018 жылғы 15 наурызда Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірінші консультациялық кездесуі болды. Нәтижесінде Азия елдерінің вице-премьерлері бесжақты жұмыс комиссиясын құру туралы шешім қабылдап, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуін тұрақты өткізу жоспарланды. Сондай-ақ көршілес мемлекеттермен байланыс орнату да маңызды. Мәселен, Ресей Қазақстанның маңызды стратегиялық одақтасы болып қала береді. Екі ел Президенттері 2013 жылғы қарашада қол қойған XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарт стратегиялық әріптестіктің негізі қызметін атқарады.

ДИПЛОМАТИЯ ЖАЙЫНДА

Жалпы дипломат, дипломатия дегенде көз алдымызға іскер азаматтарды елестетеміз. Бірақ олардың негізгі міндеті мен мақсатын жіті

Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат әйел – Балжан БӨЛТІРІКОВА

түсінбейміз. Негізінде халық арасында дипломаттар туралы афоризмдер көп. Мысалы, «дипломатия − алдағы жүз жылда өмір сүру мәселесі болса, саясат – алдағы жұмаға дейінгі мәселені қарастырады. Егер дипломат «иә» десе, бұл «мүмкін» дегенді білдіреді, егер ол «мүмкін» десе, демек «жоқ» дегені, бірақ «жоқ» дейтін адам дипломат емес. Дипломаттар сөйлегенде зеңбіректер үнсіз тұрады» деген қанатты сөз бар. Осы сөздерден-ақ бұл мамандықты игеру, осы саланың тізгінін ұстау үлкен жауапкершілік пен тәжірибені қажет ететінін аңғаруға болады. Себебі, дипломатия бейбіт өмір қалыптастыруда әрқашан негізгі рөл атқарады.

– Іс бастау қашанда қиын. Дипломатия − бұл өнер, әрі ғылым. Көндіре білу, сенім қалыптастыра білу, жүрек жаулап, дос ете білу өнері. Мемлекетіннің қажеттілігін жеткізіп, түсіндіре білу асқан шеберлікті, біліктілікті қажет етеді. Еліміз тәуелсіздік алып, барлық істі, оның ішінде дипломатиялық қызметті жаңадан бастағанда «ешқандай база болмады» деу әбестік болар. Ел мен елді жақындастыра алу қабілеті бар елшілердің бірі Төлеутай Сүлейменов еді. 1990 жылдары АҚШ-та елші болған ол мемлекетіміздің алып державамен жан-жақты байланыс орнатуына бар күшін салған, – дейді Қазақ ССР Сыртқы істер министрі Ақмарал Арыстанбекова.

Бүгінде Қазақстан – халықаралық қатынастардың беделді қатысушысы. Жас мемлекеттің ұлы әлемдік қоғамдастықта сенімді әріптестігімен, бейбітсүйгіш саясатымен, халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді шешуде жауапты қызметімен, медиаторлық салада тиімді жұмысымен, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайту саласындағы жарқын бастамаларымен белгілі. Елдегі саяси тұрақтылық, нарықтық экономиканың серпінді дамуы және қолайлы инвестициялық ахуал Астананың жаһандық дипломатиядағы халықаралық беделін нығайтуға ықпал етеді. Қазақстанның әлі де жас мемлекет саналатынына қарамастан, отандық дипломатия қызметінің ауқымында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) және басқа да халықаралық құрылымдар сияқты ірі өңірлік және халықаралық ұйымдарда табысты тұрағалық етті.

– Шындығында, дипломаттар қарапайым адамдар. Өздеріңіз сияқты. Мамандығымыз қиын. Шетелде мемлекетінді өзің таныстырасың. Сәйкесінше білімің болу керек. Жауапкершілік жүгі де ауыр. Әр адамның жеке қабілеті әр басқа ғой. Біздегі шетелдік дипломаттар да өзіне тиесілі қызметін атқарып жүрген профессионалдар. Кездесулер, келіссөздер, отырыстар. Арасында өзімізге де уақыт табылады. Мәселен, АҚШ-тың еліміздегі дипмиссия басшысының орынбасары арағідік мәдени шараларға қатысатынын айтып қалды, – дейді Сербияның Қазақстандағы елшісі Владимир Матич.

Біздің дипломаттар ел ішінде де, шетелдерде де біліктілігін арттырып отырады. Мемлекеттік және шет тілдерді білу деңгейін арттыру бойынша курстар ұйымдастырылады. Еліміздің алғашқы Сыртқы істер министрі, Төтенше және өкілетті елші Ақмарал Арыстанбекованы, танымал қазақстандық дипломаттар мен мемлекет қайраткерлері – Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрайымы Бірғаным Әйтімованы, Мәдениет және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрайымы Майнюра Мырзамадиеваны ерекше атап өту қажет. Отандастарымыз – ЕҚЫҰ-ның адам саудасына қарсы күрес жөніндегі арнайы өкілі Мәдина Жарбосынова, БҰҰ-ның Оңтүстік Африкадағы есіртکі және қылмыс жөніндегі басқармасының аймақтық өкілі Жұлдыз Ақышева және ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі Зульфия Аманжолова қазақстандық дипломатияның ерекше мақтанышы.

СІМ шеңберінде Қазақстан дипломаттарының бірлестігі жұмыс істейді, ол корпоратившілік мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен бірге мұқтаждарға көмек көрсететін әлеуметтік-бағдарланған жобаларға да қатысады.

Бүгінгі таңда Қазақстан дипломатиясы Мемлекет басшысының бағдар мен серпін беретін белсенді сыртқы саясатының арқасында жоғары деңгейден көрінді. Оған дәлел Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінде ел атынан тұңғыш сөз сөйлеген, тәжірибелі саясаткерлер мен дипломаттардың алдын орап, өзінің қайсар да байыпты мінезімен мәмілегерлік саясатта да, оқу ісі мен әлеуметтік даму саласында да ерен еңбек еткен қазақ қызы бар. Ол туралы АҚШ-тың білікті саясаткері Киссинджирдің өзі «Еркек дипломаттарды қалайда алдауға болады, бірақ әйел дипломаттардан құлығыңды асыру мүмкін емес. Дипломатия – білектіні бүгетін өнер» деген. Бұл сөз ел арасында жүріп, қарапайым мінезімен, жанашырлығымен әрі батыл қадамдарымен есімі жаңғырған, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат әйел Балжан Бөлтіріковаға да тән. Одан бөлек, әйелдерді жауапты мемлекеттік дипломатиялық лауазымдарға ілгерілету саясаты аясында ҚР Бельгиядағы елшісі және Еуропа Одағы мен НАТО жанындағы ҚР өкілдігінің басшысы Айгүл Құспан, Швейцариядағы елшісі және Женева қаласындағы БҰҰ бөлімшесі мен ДСҰ жанындағы ҚР тұрақты өкілі Жанар Айтжанова, Таиландтағы елшісі және ЭСКАТО жанындағы ҚР тұрақты өкілі Раушан Есболатова шетелде Қазақстанның мүддесіне өкілдік етуде.

ЕУРОПАҒА ЖОЛ

Қазақстан-Еуропа қатынастарының серпінді дамуы 2015 жылғы 21 желтоқсанда Астанада Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жаңа келісімге қол қойылуына мұрындық болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2008 жылғы бастамасымен «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасының

Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі – Төлеутай СҮЛЕЙМЕНОВ

аясында Қазақстан Франциямен, Германиямен, Ұлыбританиямен, Испаниямен, Италиямен және Венгриямен стратегиялық, әріптестік байланыс орнатты. Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ – біздің елімізді аса ірі инвесторы және сауда әріптесі. Қазақстан дипломатиясының белсенді түрде қатысуымен Еуропа Одағының Орталық Азияға қатысты жаңа Стратегиясы әзірленуде.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Таяу Шығыс, Азия, Латын Америкасы және Африка мемлекеттерімен өзара тиімді және сенімгерлік қатынастар орнатуға қол жеткізді. Бұл жұмыста сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық байланыстарды дамытуға, БҰҰ-дағы және басқа да халықаралық ұйымдардағы ортақ мүдделерді ілгерілетуге басымдық берілді. Еліміздің инвестициялық ахуалына либералды виза саясаты оң әсер етті. 2017 жылы 1 қаңтардан бастап 48 елдің азаматы үшін күнтізбелік 30 күн мерзімге Қазақстан аумағына кіруге арналған визасыз режім енгізілген. Жиырма елмен өзара визасыз режим жұмыс істейді. Бұл ретте СІМ қазақстандықтар үшін визалық режимді одан әрі жеңілдету бойынша белсенді жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар электронды құжат айналымын жетілдіруді, консулдық қызметтерді, электронды визалар рәсімдеуге көшуді қоса алғанда, Қазақстанның дипломатиялық қызметі жұмысына цифрлық технологияларды енгізуді жалғастыруда. Сыртқы саясат ведомствосы консулдық қызметінің негізгі бағыты елдің шетелдегі азаматтарының құқығы мен мүддесін қорғау және халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету болып саналады. Біздің басқа елдердің «дамуына ресми көмек» жүйесі ҚР сыртқы саясатының тиімді механизміне айналуда. БҰҰ Даму банкімен және Жапония үкіметімен бірлесіп, ауған әйелдерінің экономикалық дербестігіне жәрдемдесу жобасы іске асырылды. Жоба шеңберінде осы елдің азаматтары Қазақстанда мемлекеттік басқару және денсаулық сақтау салаларында оқудан өтті. Тұтастай алғанда, тәуелсіздік жылдар ішінде Қазақстан Орталық Азия елдеріне, Латын Америкасына және Африкаға 450 млн доллар сомасында гуманитарлық көмек және қолдау көрсетті.

«Елдестірмек – елшіден» дейді қазақ. Қазақстанның алыс-жақын көршісімен байыпты байланысының тұғыры – татулық десек, сол татулықтың дәнекері – дипломаттар екенін ұғамыз. Ел мен елдің арасында алтын көпір болып жүрген мамандарға жүктелер жауапкершілік жүгі ауыр. Өйткені ішкі-сыртқы мәдениеті үйлескен, бірнеше тілді қатар меңгеріп, сан саланы сауатты игерген бұл жандарға қарап, бөгде жұрт қазақ туралы ой түйеді, Қазақстан жайлы пайым жасайды. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі, істеген ісінен асқан мәдениеттілік менмұндалап тұратын Қазақстан дипломатиясы аппаратында қазір 7 ғылым кандидаты, 2 PhD докторы, «Болашақ» стипендиясының 18 түлегі, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының 86 түлегі және басқа да жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс істейді.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

ФУТБОЛ: БІРІНШІЛІК БЕЛ ОРТАДАН АСТЫ

Футболдан ел біріншілігі бел ортадан асып, тартысты өтуде. Мәселен, 16 матч бойы бірде-бір ойында жеңілмей келе жатқан елорданың «Астана» клубы қатарынан екі ойында жеңіліп, турнир кестесіндегі көшбасшылығынан айырылып қалды. Мұндай ұрымтал сәтті мүлт жібермеген «Тобыл» мен «Қайрат» өз кезегінде қажетті ұпайына қол жеткізді. Нәтижесінде Қостанайдың клубы жарыс кестесінде бірінші орынға шығып алса, алматылық ұжым «Астанамен» арадағы ұпай айырмасын қысқартты.

18-турға жоспарланған жеті кездесудің алғашқы үш матчы жексенбі күні өтті. Петропавлдағы Орталық стадионда ұйымдастырылған ойында жергілікті «Қызылжар» мен елорданың «Астана» клубы кездесіп, матч алаң иелерінің пайдасына аяқталды – 3:2. Өткен турда «Астана Аренада» өткен бәсекеде астаналықтар өз алаңында «Ордабасыдан» жеңіліп, жанкүйерлерінің алдында ұятты болып еді. Сол қателіктерін жуып-шаюы үшін бұл ойында еліміздің алты дуркін чемпиондарына қалайда сырт аланда жеңіске жету маңызды болатын. Алайда биылғы біріншілікті жоғары дәрежеде өткізіп жатқан «Қызылжар» футболшылары қарсыластарына үш ұпайды оңай ұстата қоймайтынын ойын басында-ақ бірден аңғартты. Кездесудің 3-минутында украиналық жартылай қорғаушы Максим Драченко есеп ашып, жергілікті жанкүйерлердің қуанышына бөленді. Стадионға жиналған көрермендер бірінші голға қуанып боламын дегенше 9-минутта «Қызылжардың» тағы бір украиналық ойыншысы Юрий Бушман кездесудің есебін де, жанкүйерлердің қуанышын да еселей түсті – 2:0. 10 минутта екі гол өткізіп алған «Астана» ойыншылары абдырап қалды. Сөйтіп бірінші таймда елордалық клубтың шабуылынан сән, қорғанысынан мән кетті.

Үзіліс кезінде бас бапкер Андрей Тихоновтан тиісті ақыл-кеңес алып, алаңға шыққан «Астана» жігіттері төрешінің ысқырығын ести сала алға қарай ұмтылды. Мақсаттары – екінші таймның басында қалайда таразы басын теңестіріп алу. Нәтижесінде ойынның 51-минутында қонақтар өз дегендеріне жетіп, есеп айырмасын қысқартты. Гол авторы – Исламбек Қуат. Бұл жартылай қорғаушының «Астана» сапына арада жеті жыл салып қайта оралғаннан кейінгі тұңғыш голы. Дегенмен астаналық жанкүйерлердің қуанышы ұзаққа созылмады. Матчтың 68-минутында черногориялық Дарко Зорич мергендігімен көзге түсіп, есепті 3:1-ге жеткізді. 86-минутта Абат Айымбетов есеп айырмасын қысқартқанымен, «Астанаға» жеңіс сыйлай алмады. Осылайша Петропавлдың «Қызылжары» өз тарихында тұңғыш рет елордалық клубтан басым түсті. Бұған дейін екі ұжым жасыл аланда 9 рет кездесіп, барлығында «Астана» футболшыларының мерейі үстем болған еді. Осы жеңісінен кейін «Қызылжар» 25 ұпай жинап, турнир кестесінде бесінші орынға көтерілді. Ал «Астана» 38 ұпаймен әзірше екінші орында тұр.

Ал өткен турда «Астананың» жеңісті сериясына нүкте қойған «Ордабасы» бұл турда өз алаңында Талдықорғанның «Жетісуын» қабылдап, қарсылас команданың қақпасына жауапсыз үш гол соқты. Биылғы чемпионаттың үздік сұрмергенінің бірі Жоао Пауло мен команда капитаны Еркебұлан Тұңғышбаев жарақатына байланысты бұл ойында «Ордабасыға» көмектесе алмады. Соған қарамастан алаң қожайындары ірі есеппен жеңіске жетті.

Кездесудің 13-минутында шабуылшы Сергей Хижниченко «Ордабасы» клубын алға шығарса, бірінші таймның соңына таман командаласы Мирзад Механович есепті 2:0-ге жеткізді. Сондай-ақ босниялық футболшы екінші таймда екінші голын соғып, ойынның нүктесін қойды. «Ордабасы» үшін бұл – ҚПЛ-дағы қатарынан екінші жеңіс. Осы жеңістің арқасында шымкенттіктер турнир кестесінде 4-орынға көтерілді. 10 ұпаймен соңғы орында тұрған «Жетісу» қатарынан төртінші матчта жеңіліп қалды. Жалпы, бұл талдықорғандықтар үшін чемпионаттағы 13-інші жеңіліс.

Сонымен қатар қарағандылық «Шахтер» 18-турда «Ақтөбені» қабылдап, бір доп айырмасымен жеңіске жетті. Бұл – «Шахтер» клубының биылғы чемпионаттағы қатарынан бесінші жеңісі. Қарағандылықтарға үш ұпай сыйлаған матчтағы жалғыз голды ойынның 67-минутында Жан-Али Пируз соқты.

Қызылордалық "Қайсар" 18 турда "Атырауға" қонаққа барды. Күннің аптап ыстығында басталған кездесуде алаң иелері алғаш болып есеп ашты. Шабуылшы Петр Гжельчак 3 минутта қорғаушылардың қателігін ұтымды пайдаланып, командасын алға шығарды. Кездесудің екінші жартысында қасқырлар басымдыққа ие болып, таразы басын теңестіруге мүмкіндік алды. Айып соққысын сәтті орындаған Думан Нәрзілдаев командасын жеңілістен құтқарып қалды. Матч соңында "Қайсар" ойыншыларында гол соғатын мүмкіндік болғанымен сәттілік серік болмады. Қорытынды есеп 1-1!

ШАВҚАТ ШАҢ ҚАПТЫРДЫ

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында аралас жекпе-жектен өткен UFC турнирінде Шавқат Рахмонов өзінің өрелі өнерімен барша қазақстандық жанкүйерді қуантты.

Әлемдегі ең белді промоушенде күш сынасып жүрген жартылай орта салмақтағы (77.1 кило) Шавқат екінші кездесуін бразилиялық Мишель Празериске қарсы өткізді. Оңтүстік Америка құрлығының оғланы осы спорт түрін серік еткен 20 жыл уақыт аралығында 29 кездесу өткізіп, 26 рет жеңіске жетті. 13 қарсыласын есінен тандырды. Празерис тек Паулу Тиагу, Кевин Ли және Исмаил Наурдиев сынды сақтақтардан ұтылды. Соның өзінде аянбай айқасып, оларға тек ұпай санымен есе жіберді.

Десек те Шавқат Рахмоновқа қарсы айқаста бразилиялық спортшы еш қайрат көрсете алған жоқ. Бәсеке басталған беттен тізгінді мықтап қолына алған қазақтың ұлы соққыларын дәл дарытып қана қоймай, төрттағанда да басымдығын байқатты.

Екінші раундта Рахмоновтың ауыр соққысынан кейін Празерис біраз есеңгіреп қалды. Шавқат оны жығып алды да, шабуылын үдете түсті. Арқа тұстан жасалған соққылардың барлығы да оңбай тиді. Бір мезетте ол тактикасын дереу өзгертіп, «қылқындыру» тәсілін қолданды. «Темір құрсаудан» Мишель құтыла алмады.

Осылайша 26 жастағы Шавқат Рахмонов өзінің 14-ші кездесуінде жеңіс тойын тойлады. Бір кереметі, осы бәсекелердің барлығында ол айқын басымдыққа ие болды.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында еліміздің маңдайалды былғары қолғап шеберінің бірі Жәнібек Әлімханұлы өнер көрсетті.

ЖӘНІБЕКТІҢ ЖЕҢІСІ

Бұл жолы Жәнібек әлемнің экс-чемпионы Роб Брантпен жұдырықтасты. Маңызды бәсекеге Әлімханұлы тыңғылықты дайындалды. Себебі 30 жастағы АҚШ-тың Миннесота штатының тумасы осалдар санатынан емес. Кәсіпқой бокстағы карьерасын 2012 жылы бастаған Роб 28 мәрте рингке көтеріліп, 26 рет өзінің мықтылығын мойындатты. 18 қарсыласын нокдауныға жіберген. Бранттың жұдырығының жойқын екенін сезінгендер арасында колумбиялық Данисио Миранда, американдық Декарло Перес пен Крис Фицпатрик, жапониялық Рёта Мурата, ресейлік Хасан Байсангуров, украиналық Виталий Копыленко және тағы басқа танымал боксшылар бар. Сәтсіз өткен екі жекпе-жегі жайында айтсақ, «Браво» деген бүркеншік есімді иеленген сақа спортшының алғашында германиялық Юрген Бремерге әлі жетпеді. Брант неміс боксшысынан осыдан төрт жыл бұрын Шверин қаласында ұпай санымен ұтылды. 2019 жылдың жазында ол Рёта Муратамен қайта қолғап түйістірді. Бұл жолы жапон жігіті американдықтың екінші раундта ұрып жықты. Сол бәсекеде «Браво» WBA нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы атағынан айырылды. Міне, Жәнібекке осындай сақа спортшымен жұдырықтасуға тура келді.

Лас-Вегастағы жекпе-жекті Жәнібек Әлімханұлы өте сауатты өткізді. «Қазақ стилін» күллі әлемге танытамын деп құлшынып жүрген өреніміз асықпай-аптықпай жүріп-ақ көздеген мақсатына қол жеткізді. Бәсеке барысында оның жойқын соққылары қарсыласына жиі дарыды. Содан секем алып қалса керек, Бранттың тарапынан жасалған бірде-бір есте қаларлық шабуылды көре алмадық. Уақыт өткен сайын ұпай санын еселеген Жәнібек алтыншы раундта Робты қатты есеңгіретіп тастады. Одан кейін де Әлімханұлының басымдығы анық байқалды. Бәсеке дәл осындай «сценариймен» өрби беретін болса, саутамтығы қалмайтынын жіті түсінген АҚШ боксшысы сегізінші раундтан кейін жекпе-жекті жалғастырудан бас тартты.

Сөйтіп кезінде әуесқойлар арасында әлем және құрлық чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы атанып, Рио Олимпиадасында ширек финалға дейін жеткен 28 жастағы Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой рингтегі 10 жеңісіне қол жеткізді. Сол кездесулердің алтауын мерзімінен бұрын аяқтады. Кеше өткен жарыста оның өнеріне сүйісінген АҚШ-тың әйгілі менеджері Эгис Климас «Жәнібектің жұдырықтасу мәнері керемет. Нағыз Qazaq Style деп айтуға тұрарлық. Осыдан бірер күн бұрын бапкері Бадди Макгиртпен сөйлескенімде, ол өз шәкіртінің үлкен додаларға дайын екенін айтқан еді. Сол сөздің растығына менің де көзім жетті», – деп ағынан жарылды.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – АМАНАТ

“Тәуелсіздік бұл – аманат. Ата-бабамыздың сан ғасырдан бері аңсаған арманына қиянат жасауға еш құқығымыз жоқ. Тәуелсіздіктің мәртебесін асқақтату – біздің еншіміздегі жауапты іс. Еліміздің тұғырлы тәуелсіздігін таныту үшін ерік-жігерімізді аямай, барымызды салуымыз қажет. Ойлаған ойыңды іске асыру үшін жастарға мүмкіндіктер аламаны толығымен қарастырылған. Сондықтан да, тәуелсіздік құсының мәңгілік тұрақтап қалуына бәріміз атсалысуымыз керек”, – дейді “Тәуелсіздік қарлығаштары” айдарының кезекті кейіпкері – Ерлан Сипанов.

Ол 1991 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Бүгінде Ерлан Аманкелдіұлы “Жайдарман” арқылы танылған жастың бірі. Егізі – Нұрлан Сипанов та өнерден құралақан емес.

“КВН”, “Жайдарман” әзіл-сықақ театрының артистері көпшілікке танымал. Әнші де, асаба да осылар. Солардың бірі – Ерлан. Бүгінде ол “Егіздер құрамасы” командасын құрды. Олар республикалық “Жайдарман” жоғары лигасында өнер көрсетуде. Сөйтіп қызылордалық егіздерді бір арнаға біріктіруде.

– Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай деп тілеймін, – дейді Ерлан бізбен әңгімесінде.

Ол бүгінде облыстық жастар ресурстық орталығында жастар шығармашылығы және бұқаралық спортты дамыту бөлімінде жұмыс істейді.

– Патриотизм – ол алдымен өзінің елін, жерін, ұлтын, ана тілін кез келген ортада мақтан тұту және мақтана айту. Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеу, содан соң отбасы құндылығын үнемі есте сақтау. Осы негізгі “тіреуіштер” дұрыс қаланса, бала міндетті түрде патриот болып өседі. Патриотизмді – даладан немесе қаладан яки болмаса, сыртқы келбеттен іздеудің қажеті жоқ. Патриотизм – кез келген азаматтың жүрегінде болу керек. Сонда ғана еліміз ең кедергісіз дамитын болады, – дейді Ерлан Аманкелдіұлы.

“Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек”, – дейді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев “Тәуелсіздік бәрінен қымбат мақаласында.

“Еліміз тәуелсіздік бесігінде тербелгелі – 30 жыл. Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайыпты ел болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерлігінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Енді елдің мәртебесін асқақтату біздің азаматтық борышымыз”, – дейді кейіпкеріміз.

ЖІГІТТІҢ ЖЕТІ ҚАСИЕТІ

“Елді телісі мен төнтегінен таныма, ері мен серісінен таны” деген данагөй халқымыз. Ер-азамат – елдің айнасы. Ендеше қазіргі қазақ қоғамындағы жігіттердің бойында қандай қасиет болу керек. Соған тоқталып көрсек.

1. Атқа бұғалық салып ноқталау, одан қала берді ауыздықтап, абайлап міну.

Әдетте атқа тақымы мықты, қарымы қатты азаматтар қонады. Өн бойын тік ұстап, тақымындағы жануарды басқара білген еркек атаулы әлсіз болмасы анық.

2. Көкірт басты кішірейтіп, кінәлі болса, кешірім сұрай білу.

“Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ”. Кейде біреуге қызбалықпен көңілге кірбің түсірер сөз айтып қаламыз. Пенде болған соң адам атаулы қателесетіні анық. Қателікті түсініп, дер кезінде кешірім сұрау – нағыз азаматтың ісі.

3. Аз сөйлеу.

Қазақ халқы “көп сөз – көмір, аз сөз – алтын” деп нақты байлам айтқан. Көпіріп көп сөйлеу – ер азаматқа жат қылық.

4. Мал соя білу.

Байырғы бабалар ұстанымында әрбір он үш жасқа толған ер жігіт кемі қой сою өнерін меңгерген. Адал жолмен Құран бағыштап, мал сою жігіттің жеті өнеріне кіруі шарт.

5. Жеті атаны жатқа біліп, шыққан тегінді ұмытпау.

Арғы атанды тану – тектіліктің белгісі. Бұл қасиет отбасын құрғанда өте маңызды. Себебі қазақ халқында “жеті атаға дейін қыз алмау” деген дәстүр бар. Бұның болашақ ұрпақтың денсаулығы үшін маңызы зор.

6. Тарих қатпарларынан хабардар болу.

Ер жігіт қыз балаға қарағанда ежелгі тарихымызға қанық болғаны жөн. Себебі ұлттың кешегі болмысын ұмытпай дәріптеу – біздің міндет.

7. Қандай жағдай болса да батылдық таныту, ішкі эмоцияны тізгіндеу.

Егер ісі оңға баспай, ойдағыдай болмаса, қол қусырып, өмірге ренжуге әдеттенген жігіттер бар. Өз эмоциянызды билей алсаңыз, өзіңіз жайлы жақсы, оң пікір қалыптасатынына сенімді болыңыз.

Коко Шанель “Әйелдер әйелдер үшін киініп, әйелдер үшін бәсекелеседі. Бірақ жер бетінде ер адамдар болмаса, олар тіпті киінбес те еді” деген екен. Сондықтан ер адамның қоғамдағы орны ерекше.

Тегін оқуға мүмкіндік беретін электронды кітапханалар бар және олардың артықшылықтары көп. Кітаптың аудио нұсқасын тыңдау, керек цитатаны көшіріп алу, интерфейсті талғамыңызға қарай өзгерту т.б. мүмкіндік бар.

КІТАП ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН 7 ҚОСЫМША

ЛитРес

ЛитРес – ТМД еліндегі ең танымал қосымшаның бірі. Орыс және ағылшын тіліндегі кітаптарды таба аласыз. Кітапхана қорында бір миллионнан астам кітап бар. Электронды кітапхана топтамасынан шетел әдебиеті, детектив, фэнтези, проза, психология және басқа да ондаған жанрды кездестіресіз.

BookMate

Қосымша қазақ, орыс, ағылшын және әлемнің 12 тілінде оқуға мүмкіндік береді. Әлем әдебиеті, мектепке қажетті оқулықтар және атақты жазушылардың шығармаларын табасыз. Бір миллионан астам кітап және 45000-ға жуық аудиокітап бар. Жеті күн бойы қосымшаны тегін пайдалана аласыз. Одан кейін әр күнге 59 теңгеден төлеуге тура келеді.

Kitap

Қазақ тіліндегі кітаптарды оқуға және аудио нұсқасын тыңдауға арналған қосымша. Көркем, ғылыми, әлемдік әдебиеттің 6500-ге жуық түрін кездестіресіз. Kitap қосымшасы тіркелуді қажет етпейді.

Moon+ Reader

Кітапты кез келген форматта қиындықсыз жүктей аласыз. Қосымшадағы әрбір деталь ойластырылған: қаріп, түс, мұқаба сырты. Moon+ Reader қосымшасы тегін. Ал Moon+ Reader Pro қосымшасына айбына 1890 теңге төленейсіз.

Wattpad

Wattpad – 10 миллион кітабы бар электронды кітапхана. Қосымшаға тіркелген басқа да пайдаланушымен тілдесе аласыз және пікір қалдыруға болады. Ең көп пікір алған кітап «танымал» бөліміне көтеріледі. Ағылшын, орыс және әлемнің 25 тілінде оқуға мүмкіндік береді.

MyBook

MyBook электронды кітапханасында 200 000-нан астам кітап бар. Бизнес, махаббат романдары, тарих, классикалық әдебиет, фантастика және басқа да жанрдағы кітаптарды кездестіре аласыз. Стандартқа жазылсаңыз, айына 1390, премиум 3590 теңге тұрады.

Comics Time

Комикс кітаптарды орыс тілінде оқуға мүмкіндік беретін алғашқы қосымша. IDW, Dark Horse Comics, Marvel, Image Comics, Bubble сияқты әлемдік компаниялардың кітаптарын оқи аласыз.

JULDYZ – JORAMAL

(1 – 7 шілде)

Тоқты
Керемет апта. Мәселе туындағанмен тез арада шеше аласыз. Оның маңызды мәселеге айналуына жол бермейсіз. Бұл ісіңіз басшылықтың назарында болатынын ұмытпаңыз.

Торпақ
Кездесуге баруға, жаңа таныстар табуға қолайлы апта. Көп адамдар сізбен кездесуге, сөйлесуге асығады. Өзіңізге ұнайтын адамдармен кездесіңіз. Бұрын сізді ренжіткен жандар да кешірім сұрағысы келеді.

Егіз
Көп ойдан арылып, тек маңызды деген істерді ойлаңыз. Қиын тапсырманы орындауға, соңғы уақытта тығырыққа тіреген сауалдарға жауап табуға болады. Ешкімге ашылып, сыр айтпаңыз.

Шаян
Түрлі тақырыпта сөз қозғайтын ортада боласыз. Әңгіме-дүкен құрып, жаңа таныстар табасыз. Не болмаса аптада өзіңіз кездесу ұйымдастырып, көпшіліктің ризашылығын аласыз.

Арыстан
Алға қойған мақсатыңызға, армаңыңызды орындауға бір табан жақындайсыз. Аптада жұмысқа қатысты біршама сұрақты талқылауға болады. Өзіңізді шаршатпаңыз.

Бикеш
Көптен бері мазаңызды алып жүрген шаруаны біржақты етесіз. Орын алған мәселеге еш алаңдамайсыз. Өйткені олардың барлығын қалай шешу керегін білесіз.

Таразы
Жемісті апта. Көптен бері шешімі табылмай жүрген мәселені соңына дейін жеткізіп, арқаңыздан жүк түскендей әсерде боласыз. Сондай-ақ аптада сізге біреу ғашық болады.

Сарышаян
Өзекті мәселеге жолығасыз. Өзгелердің жағдайын енді түсінетін боласыз. Өзіңізге келгенде шаруаны тиянақты тындыру қолдан келмейді. Көп уақытты демалысқа арнаңыз.

Мерген
Өз ісіңізді тиянақтай білесіз. Сонымен қатар өзгенің де шаруасын тындырасыз. Шығармашылығыңыз аздап тоқырауға ұшырайды. Бұл жағдайда достарыңыз немесе ескі таныстарыңыз ақыл қосады.

Тауешкі
Табысқа жету үшін табандылық қажет. Сонымен қатар аптада ешқандай мәселе болмайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін ішкі туйсігіңізді тыңдаңыз. Айналаңыздағы адамдардың да ақыл-кеңесіне құлақ түрген жөн.

Суқұйғыш
Жұмысқа қатысты бірнеше ұсыныс түседі. Бірақ оның барлығы пайдалы емес. Егер сақтық танытып, бағдарлайтын болсаңыз, таңдау жасауда қателеспейміз.

Балықтар
Сізге берілген тапсырма өте қарапайым, сондықтан оларды орындауда еш қиындық болмайды. Мақсатқа жетуде ештеңені қиындатпай, барлығын дер кезінде орындай аласыз.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastarygmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 944